

С.Ә. Қалқабәева\* , Л.А. Алмас , Ж.А. Ахмедова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
\*e-mail: sk.61@mail.ru

## Ә. НҰРШАЙЫҚОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒА ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯ

Бұл мақалада Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың прозасындағы шығармашылық тұлға болмысын таныту мәселесі қарастырылады. Қаламгер туындыларында бейнеленген шығармашы тұлғалардың дара табиғатын әр қырынан таныту, олардың рухани-адами қасиеттерін сипаттау барысында қолданған көркемдік тәсілдерін айқындау зерттеудің негізгі бағыттары мен мақсатына айналады. Зерттеудің басты объектісіне айналған «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбаты, «Тоғыз толғау» повесть-монологаы, «Екі естелік» эсселері жазушының өзіндік дара стилін таныта алған туындылар екенін нақты мысалдармен дәлелдеп көрсетеді. Қазақ әдебиетінің майталман қаламгерлері Бауыржан Момышұлы, Сәбит Мұқанов, Мәлік Ғабдуллин, Әбділда Тәжібаев, Мұхтар Әуезов сияқты шығармашылық тұлғалар бейнесін сомдауда автордың деректілік негізді, өзі куә болған жайттарды ұтымды нарративтік тәсілдермен баяндауы контекстік мысалдармен дәлелденеді. Қаламгердің өз кейіпкерлерімен кездесу, сұхбаттасу сәттеріндегі түйсінулерін көркемдікпен жеткізу тәсілдері сөз етіледі. Шығармашылық тұлға болмысын аша түсудегі автордың субъективті-шығармашылық іс-әрекетін ғылыми таным мен талдаулар нәтижесінде түсіндіреді. Қаламгер сомдаған шығармашылық тұлғаларға тән ұлылық пен даралық, парасаттылық пен даналық, батырлық пен батылдық, ұлтжандылық пен патриоттық, мейірімділік пен бауырмалдық, қаталдық пен талапшылдық, адалдық пен шыншылдық, қарапайымдылық пен шынайылық сияқты қасиеттерді портреттік, психологиялық сипаттамалармен таныта білген қаламгер шеберлігін сөз етуі зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығын байқатады. Зерттеу тақырыбына бағыт-бағдар беретін шетел мен отандық ғалымдардың шығармашылық теория жайындағы теориялық зерттеулеріне жүгінуі мақалада қарастырып отырған мәселенің шешімін жүйелі аша алуына септігі тигендігін байқатады.

**Түйін сөздер:** шығармашылық тұлға, авторлық концепция, субъективті-шығармашылық, деректілік, нарративтік тәсіл.

S.A. Kalkabaeva\*, L.A. Almas, J.A. Akhmedova  
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
\*e-mail: sk.61@mail.ru

### Creative personality and authoral concept in A. Nurshayikov's prose

This article deals with the problem of the concept of authorship in the representation of a creative person in the prose of the famous writer Azil Khan Nurshayikov. Revealing the unique nature of creative personalities depicted in the artist's works from all sides, determining the artistic techniques and the author's concept used in describing their spiritual and human qualities, become the main directions and goals of the study. The novel-interview "Truth and Legend", the story-monologue "Nine Feats", the essay "Two Memories", which have become the main object of research, prove with specific examples that they are works that reflect the author's concept and individual style. In the depiction of such creative personalities as Bauyrzhan Momysuly, Sabit Mukanov, Malik Gabdullin, Abdilda Tazhibayev, Mukhtar Auezov, talented writers of Kazakh literature, the factual and rational presentation by the author of what he saw in a rational narrative form is confirmed by contextual examples. Explains the subjective and creative activity of the author in revealing the personality of a creative person as a result of scientific analysis. The relevance of the study lies in expressing the skill of the writer, who managed to portray such qualities as greatness and individuality, common sense and wisdom, heroism and courage, nationalism and patriotism, kindness and brotherhood, rigor and exactingness, honesty and devotion, simplicity and sincerity inherent in the creative characters portrayed by the writer, with portrait-psychological characteristics and shows its importance. Appeal to the theoretical study of the author's concept of

foreign and domestic scientists who direct the research topic shows that this influenced the systematic solution of the problem considered in the article.

**Key words:** creative person, author's concept, subjective creativity, documentary, narrative approach.

С.А. Калкабаева\*, Л.А. Алмас, Дж.А. Ахмедова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: sk.61@mail.ru

### Творческая личность и авторская концепция в прозе А. Нуршайкова

В данной статье рассматривается проблема понятия авторства в представлении творческой личности в прозе известного писателя Азилхана Нуршайкова. Выявление уникальной природы творческих личностей, изображенных в произведениях художника со всех сторон, определение художественных приемов и авторской концепции, используемых при описании их духовных и человеческих качеств, становятся основными направлениями и целями исследования. Роман-интервью «Правда и легенда», повесть-монолог «Девять подвигов», очерк «Два воспоминания», ставшие основным объектом исследования, на конкретных примерах доказывают, что являются произведениями, отражающими авторскую концепцию и индивидуальный стиль. В изображении таких творческих личностей, как Бауыржан Момышулы, Сабит Муканов, Малик Габдуллин, Абдильда Тажибаев, Мухтар Ауэзов, талантливых писателей казахской литературы, фактическое и рациональное изложение автором увиденного в рациональной повествовательной форме подтверждается контекстуальными примерами. Объясняет субъективно-творческую активность автора в раскрытии личности творческой личности в результате научного анализа. Актуальность исследования заключается в выражении мастерства писателя, сумевшего изобразить такие качества, как величие и индивидуальность, здравый смысл и мудрость, героизм и мужество, национализм и патриотизм, доброта и братство, строгость и требовательность, честность и преданность, простота и искренность, свойственные творческим персонажам, изображаемым писателем, с портретно-психологическими характеристиками и показывает его важность. Обращение к теоретическому исследованию авторской концепции зарубежных и отечественных ученых, направляющих тему исследования, показывает, что это повлияло на системное решение рассматриваемой в статье проблемы.

**Ключевые слова:** творческая личность, авторская концепция, субъективно-творческий, документальность, нарративный метод.

### Кіріспе

Замана шындығы мен шығармашылық тұлға болмысын өмірлік негізден ала отырып, оны шынайылықпен көркем бейнелеген Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың прозасы – қазақ әдебиетін танымдық әрі тағылымдық тұрғыдан байытқан құнды әдеби туындылар. Қазіргі қазақ прозасын мазмұндық-пішіндік тұрғыдан байытып, танымдық әрі аксиологиялық мәнінің арта түсуіне көп үлес қосқан Ә. Нұршайықовтың шығармашылығы стильдік даралығымен ерекше назар аудартады. Зерттеуімізде жазушының прозасында көп бейнеленген шығармашылық тұлға болмысын жан-жақты танытуды басты мақсат етіп алдық. Шығармашылық тұлға өте күрделі әлем. Көркем шығармаға арқау болатын танымал шығармашыл адамдардың (кейіпкерлердің) ерекше жаратылысы туралы Scott Barry Kaufman мен Carolyn Gregoire зерттеулерінде айтылған. Шығармашыл тұлғалардың ми қыртысының түзілуінің өзі қарапайым адамдарға қарағанда

ерекше болатынын келтіреді, шығармашылығы жоғары адамның бірнеше сипатын атап көрсетеді: «Шектен тыс армандаушылық, құштарлықтың жоғары болуы, оңашалану мен түйсіктің дәлдігі, тәжірибеге ашықтық пен жоғарғы зейін дәрежесі, сезімдалдық пен жағдаяттарға оң көзқарас таныта білу» (Kaufman, Gregoire, 2016: 35). Міне осы көрсетілгендей Әзілхан Нұршайықов суреттеген шығармашылық тұлғалардың адами сипаты, жаңаша қыры, автор тарапынан баяндалатын тұжырымды ойлар мақаланың негізі болып табылады.

### Материалдар мен әдістер

Бүгінгі әдебиеттану ғылымында шығармашылық тұлға мен ол тудырған құндылықтар басты назарға алынуда. Тұлғалық деңгейге көтерілген адам – құндылыққа бағдар ұстаған субъект. Неміс философы Н. Хартман «шығармашылық адам өз іс-әрекетінде құндылықтың абсолюттігін ұғынып, оны жүзеге асырушы» (Hartmann, 2019)

екендігін айтады. Ал Скотт Барри Кауфман мен Кэролайн Грегуар «Wred to Create» кітабында түсіндіргендей, адам шығармашылығы «олардың ішкі және сыртқы әлемін когнитивті түрде зерттеуге деген ұмтылыстан» (Kaufman, Gregoire, 2016: 30) туындайды деген пікір айтады.

Шығармашылық тұлға – әдебиет пен өнерді тудырушы даралық қасиеттерге ие субъект. Осындай шығармашылық тұлғалардың күрделі табиғатын көркем бейнеге айналдыруда еселі еңбек еткен жазушының бірі – Әзілхан Нұршайықов. Қаламгер кейіпкерлері Мұхтар Әуезов, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Сәбит Мұқанов, Мұқан Иманжанов, Әбділдә Тәжібаев, Тахауи Ахтанов сынды шығармашылық тұлғалар зерттеуіміздің объектілеріне айналады. Зерттеуімізде осы шығармашылық тұлғалардың ғибратты өмірі, адами ізгі қасиеттермен астасқан әдеби портреттері айшықталаған «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбаты, «Тоғыз толғау» повесть-монологы, «Екі естелік» эсселері басты нысан ретінде алынады. Қаламгер туындыларында бейнеленген шығармашылық тұлғалардың дара табиғатын әр қырынан таныту, олардың рухани-адами қасиеттерін сипаттау барысында қолданған көркемдік тәсілдері зерттеудің негізгі бағыттары мен мақсатына айналады. Шығармашылық тұлғалар бейнесін сомдауда автордың деректілік негізді, өзі куә болған жайттарды ұтымды нарративтік тәсілдермен баяндауы контекстік мысалдармен дәлелденеді. Қаламгердің өз кейіпкерлерімен кездесу, сұхбаттасу сәттеріндегі түйсінулерін көркемдікпен жеткізу тәсілдері сөз етіледі. Шығармашылық тұлға болмысын аша түсудегі автордың субъективті-шығармашылық іс-әрекетін ғылыми таным мен талдаулар нәтижесінде түсіндіреді. Қаламгер сомдаған шығармашылық тұлғаларға тән ұлылық пен даралық, парасаттылық пен даналық, батырлық пен батылдық, ұлтжандылық пен патриоттық, мейірімділік пен бауырмалдық, қаталдық пен талапшылдық, адалдық пен шыншылдық, қарапайымдылық пен шынайылық сияқты қасиеттерді портреттік, психологиялық сипаттамалармен таныта білген қаламгер шеберлігін сөз етуі зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығын байқатады.

Шығармашылық тұлға болмысының күрделі табиғатын танытуға ұмтылған автордың ұстанымдары мен тұжырымдарын айқындау да зерттеуіміздің басты мақсатына айналады. Әзілхан Нұршайықов шығармаларын сараптай келе, шығармашылық тұлғалар жайлы ескірмейтін естеліктер жаза жүріп, оларды кең көлемді эпикалық туындылардың кейіпкерлері

деңгейіне көтергендігі жазушы шығармашылығының ерекше қырлары екендігі айтылады. Халқымыздың ұлттық әдебиеті мен руханиятына үлес қосқан біртуар шығармашылық тұлғалардың рухани әлемін терең ашуда әлеуметтік ортамен тұтастыра бейнелеп, әрі тарихи деректерді көркем жеткізе білген шеберліктері де жазушының дара стилі екендігі айқындалады. Танымал тарихи тұлғалардың шығармашылық келбеті мен мінездік сипаттарын бейнелеуде деректілік негіздер мен көркемдік тәсілдерді түрлендіре қолданған көркемдік ізденістері қарастырылады. Мақалада бұған дейін зерттеу аспектісіне айнала қоймаған қаламгер туындыларындағы шығармашылық тұлғаны танытудағы авторлық концепция мәселесі қарастырылады. Ұтымды тұстарда, автордың өмірлік мәселелер жайындағы ой-пікірлері мен тұжырымдарын кіріктіріп отыруы да шығармада үлкен жүк көтергендігіне назар аударылады. Жазушы шығармаларына осындай тың аспектілерден қарау зерттеуіміздің жаңашылдығы болып табылады.

Ә. Нұршайықовтың прозаларын қарастыру барысында шығармашылық тұлға болмысын жан-жақты ашуда деректілік негіз қаншалық деңгейде көркемдік сипат алғандығын, автордың өзі куә болған жайттарды алуан түрлі нарративтік тәсілдермен түрлендіре қолданғандығын зерттеуді мақсат еттік. Қаламгердің суреткерлік шеберлігін айқындауда талдау, саралау, бағалау әдістерін қолдандық. Зерттеудің мақсат-міндеттеріне сай Ә. Нұршайықов шығармаларын төмендегідей аспектілер негізінде зерттеуге ден қойдық:

- шығармашылық тұлға ұғымының мәнін ашу;
- қаламгер туындыларының кейіпкерлеріне айналған тарихи шығармашылық тұлғалардың болмысын танытудағы деректілік пен көркемдіктің қызметін айқындау;
- шығармашылық тұлғалардың әдеби портретін жасаудағы жазушы шеберлігіне ден қою;
- шығармашылық тұлғалардың адами қасиеттері мен дара болмысын авторлық таныммен сипаттау ерекшеліктерін зерделеу;
- автордың өзі куә болған жайттарды алуан түрлі нарративтік тәсілдермен түрлендіре қолдану ерекшеліктерін сөз ету;
- автор бейнесі мен ұстанымдарының көрініс алу сипаттарын контексте айқындап талдау.

### Әдебиеттерге шолу

Мақалада шығармашылық тұлғалар болмысын танытуды мақсат еткен Ә. Нұршайықовтың

«Ақиқат пен аңыз» (1976) роман-диалогын, «Тоғыз толғау» (1977) повесть-монологын (Нұршайықов, 1992), «Екі естелік» (1985) эсселерін (Нұршайықов, 1985) зерттеуіміздің нысаны еттік. Зерттеу барысында Ә. Нұршайықов шығармашылығы негізінде зерттеу еңбектерін жазған ғалымдардың ғылыми еңбектерін басшылыққа алдық. Атап айтсақ, қаламгер прозасының жанрлық-стильдік даралығы жан-жақты қарастырылған әдебиеттанушы С. Қалқабаеваның «Әзілхан Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер» (Қалқабаева, 2004) мен «Көркем шығарма поэтикасы» (Қалқабаева, 2019) атты монографиялары, әдебиет зерттеушісі, профессор Р. Тұрысбектің «Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылық мұрасы» атты зерттеуі (Тұрысбек, 2005), М. Тоқтағазиннің «Деректілік пен көркемдік» (Тоқтағазин, 2012) монографиясы, «Әйгілі Әзаға» атты естеліктер мен эсселер (Әйгілі Әзаға, 2012), т.б. еңбектер басшылыққа алынды. Сонымен қатар шығармашылық тұлға ұғымына кеңірек түсінік беріп, даралық табиғатын айқындай түсетін отандық (Қалиева, 2012) және шетелдік ғалымдар А. Rothenberg (Rothenberg, 2016), К. Hartmann мен D. Nielsen (Hartmann, Nielsen, 2011), G.W. Allport (Allport, 1960), E. Husserl (Husserl, 2017) еңбектері негізге алынды.

### Нәтижелер мен талқылау

Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов – ұлт руханиятына мәңгілік әдеби мұра қалдырған танымал шығармашылық тұлғалардың күрделі әлемін бейнелеуге батыл бара білген жазушы. Әдебиетте өз орны бар аға буын өкілдері мен замандастарын естелік, эссе, хикаялардан бастап, повесть, романдарына дейін кейіпкер етіп алады. Оның әдеби қаһармандары – Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Жамбыл Жабаев, Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлы, Мұқан Иманжанов, Тахауи Ахтанов, Әбділдә Тәжібаев сияқты шығармашылық тұлғалар.

Ә. Нұршайықовтың қаламынан туған «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбаты, «Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық романы, «Мен және менің замандастарым» өмірбаяндық романы, «Тоғыз толғау» повесть-монологы, «Екі естелік» естелік-эсселерінен қазақ әдебиеті мен ғылымына еңбегін сіңірген шығармашылық тұлғалардың әдеби-мәдени ортасын, олардың арасындағы сыйластық қарым-қатынастарды көріп, адами асыл қасиеттеріне сүйсініп, өр тұлғаларына тамсанасын. Жазушының басты мақсаты

– көрнекті шығармашылық тұлғалар өмірінің ғибратты тұстарын тәпсірлей отырып, адамгершілікпен жарасым тапқан азаматтық келбеттерін айшықтап көрсету болғандығын аңғарамыз.

Жазушы өзінің өмір жолында жолығысқан, сұхбаттас болған, рухани демеу беріп, қамқорлық танытқан ақын-жазушылар мен тарихи тұлғалардың өнегелі өмірлерін өз шығармаларына арқау етіп, шыншылдықпен баян етеді. Олардың халық білмейтін парасаттылыққа толы азаматтық қырларын көркем бейнелейді. Мақсаты мен мұраты, өмірге деген көзқарасы бір дарынды тұлғалардың жазушылық қарым-қабілетін көпшілікке әспеттеп баяндайды. Әсіресе Бауыржан Момышұлы, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов образдарын кең көлемде, толымды суреттейді. Олардың субъективті-шығармашылық, тұлғалық болмысын танытуда кейіпкерлермен жүздесіп, сұхбаттасады. Олар туралы естігендері мен көрген-білгендерін ой елегінен өткізіп оқырманға риясыз жеткізеді. Бұл кейіпкер мен автордың шындық туралы концепциясын да білдірудің тиімді тәсілі бола алған. Автор кейіпкер тасасында қалғанымен шығарманың идеялық тұжырымын көркемдеп жеткізуші субъект ретінде әрекет етуші. Автордың назарын аударған объектіні таңдау субъективті жеке көзқарастан туындайтынын ескерсек, көркем шығарма объективті шындықтың субъективті бейнеленуі болып табылады. Демек әдеби туынды – көркем образ түрінде бейнеленген өмір шындығы мен автор концепциясының бірлігі. Өмірлік нақты деректер мен шығармашылық тұлғаларды шығармаларына басты объект етіп алатын Ә. Нұршайықов шығармашылығынан осындай бірлікті көреміз. Басты әдеби қаһарманы етіп шығармашыл тұлғаларды таңдаған Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», «Тоғыз толғау», «Екі естелік» шығармаларының деректілік сипаты басым. Бұл ерекшелік шығарма құндылығын арттырмаса, кемітіп тұрмағандығын да айта кеткен жөн. Көркемдікпен ұштасқан деректілікті автор дүниетанымын танытатын өмір шындығының көрсеткіші ретінде қабылдаймыз. Осы тұста, академик Серік Қирабаевтың «Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» кітабында: «Қазақ әдебиетінің тарихи шындыққа тәнтілігі, көркемдікпен шешуге ұмтылған проблемаларының молдығы мен тереңдігі прозада түрліше стильді, формаларды туғызуда. Көркем шығарманың нақты өмірмен байланысын көрсетуде документтіліктің де ролі артуда» (Қирабаев, 1998: 38), – деп айтқан пікірі Ә. Нұршайықовтың прозадағы дара шеберлігін дәлелдейді.

Деректер мен құжаттар өмірдің шикі материалы болса, қаламгер сол жансыз затты жандандырып, сезімге бөлеп суреттеуге тиіс. Онсыз шығарма көркемдіктің биік деңгейіне, идеялық мақсат-мұратқа, танымдық-тәрбиелік мәнге, пайымдық сатыға көтеріле алмайды. Деректік негізге көркемдік сипат дарытып, қазақ прозасына жанрлық-стильдік жаңашылдық әкелген Әзілхан Нұршайықов шығармалары тарихилығымен, шыншылдығымен құнды. Жазушы шығармашылығындағы деректілік негіз бен көркемдік сипат мәселесін қарастырған журналист-ғалым М. Тоқтағазин былай деп жазады: «Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы атап көрсетерлік ең басты ерекшелік – қаламгер туындыларының барлығы дерлік нақты деректерден тамыр тартып, нәр алып жатады. Осындай өзіндік өзгешелігімен де шынайы әрі тартымды <...> жазушы цифрлар мен фактілерді қолданғанда оның әрқайсысы орын-орнымен нақты бір ой-идеяға қызмет етіп, соның құрамдас бөлшегіндей болып тұрады» (Тоқтағазин, 2012: 19). Дегенмен қаламгер туындыларында шығармашылық тұлғалар өмірінің шындығын тек деректер мен құжаттарға сүйеніп ғана жалаң баяндап қоймайды. Сан алуан көркемдік амалдарды қолдану барысында нанымды мінездеп, қаһарманның жан дүниесін айқара ашқан. Солай деректі материалдарды шығармашылық тұлға болмысын танытатын характерологиялық тәсіл ретінде қолданған. Сөзіміздің дәлелі ретінде «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы мен «Тоғыз толғау» атты повесть-монологын қарастыралық.

«Ақиқат пен аңыз» романы гвардия полковнигі, майдангер-жазушы Бауыржан Момышұлы мен автор-журналист арасындағы диалогқа құрылған. Роман-диалогта Кеңес Одағының даңқты батыры, әскери қолбасшы Бауыржан Момышұлының қаһармандығы, дара мінезі ғана емес, жазушылық өнер дарыған шығармашыл тұлғасы да ашылған. Жалпы шығарма контекстіндегі айтылған әңгіме, сөз мәніне зер салып қарасақ, әдеби атмосферада рухани үндестік тапқан екі шығармашылық тұлғаның бейнесі елестейді. Баукеңнің 60 жылдық мерейтойына байланысты «Жұлдыз» журналының тапсырмасымен келген журналист-автордың баяндауына ден қоялық:

- Ал «Жұлдыз» саған не жаз деп отыр?

- Оларға сіздің алпысқа толуыңызға орай бір нәрсе керек сияқты. Атап айтқанда, жазушының мүшел мерекесіне байланысты жазылатын дәстүрлі мақала қажет көрінеді, – дедім мен. – Ондай мақала жазуға мен әдебиет зерттеушісі, сыншы емеспін. Ал сіздің творчествоңызды

талдауға жай сыншы емес, әскер психологиясын білетін өзгеше сыншы керек. Сіз туралы очерк жазу да қиын. Өйткені сіздің ерліктеріңіз жайында Александр Бектің, Бауыржан Момышұлының кітаптарында толық баяндалған. Сол қалың кітаптар арқылы халықтың сүйікті кейіпкеріне айналған адам жайында он бес беттік очеркте мен не айта аламын, Бауке? Олар не айтсаң да сен айт, сен де соғыста болған адамсың ғой деп менің түп етегімнен ұстап отыр. Мен оларға әскери, әдеби атағым сізден әлдеқайда кіші болғандықтан сізбен тілдеспей, сізден рұқсат алмай ештеңе жаза алмайтынымды айтып, өзіңіздің елден келуіңізді тостым. Міне, бүгін қалың оқушы қауымға сіз туралы не айтуға болады деп өзіңізбен ақылдасуға келдім...

- Мен туралы менен рұқсатсыз ештеңе жазбаймын дегенің дұрыс, – деп бастады сөзін. – Бірақ, қарағым, сен өкпелемегін: мен өзім туралы ешкімге мақала диктовать етпеймін <...> ...мені мақтап жаз деп ешкімге де айтпаймын!

- ... онда сізге біраз сұрақ қойсам қайтеді?

- А сұрағың болса сұрағын, – деді ол енді мойнын бері бұрып, маған тура қарап. – Оған жауап беруге болады (Нұршайықов, 1992: 18). Алғашқы кездесуге дейін он күн бойы Момышұлы кітаптарын оқып, моральдық әрі психологиялық дайындықпен келген автор жазушының «Ұшқан ұясындағы» халқымыздың үлкенді сыйлау, ананы ардақтау сияқты асыл қасиеттерді дәріптегендігін айтып, лайықты бағасын береді. «Бауыржан ләм деген жоқ. Шығармасын лайықты бағалап жатқанда қай жазушы болмасын не бас изеп, не болмаса жымылып ризалық білдірмей қала алмаса керек еді. Әрине, біреу өзін мақтаған кезде ұстамдылық көрсету, дәл осындай болып үн-түнсіз қалу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұл еркі, рухы нағыз күшті адамдардың ғана қасиеті» (Нұршайықов, 1992: 20). Жоғарыда келтірілген контекстерден болашақ кейіпкерінің тұлғалық болмыс-бітімін тереңірек танытуға деген шынайы ниетін байқаймыз. Өз мақсатын әу бастан айқындап алып, «жалықпай тыңдау» мен «үндемеу» тактикасын ұстанған журналист-автор «ақыры әңгіме-интервью сияқты нәрсе жазамын» деген тоқтамға келеді. Диалог-сұхбат тәсілін басты әдеби әдісі ретінде қолдана отырып, кейіпкерінің оқырманға беймәлім қырларын суыртпақтап айтқызып отырады. Автор өз тарапынан «Осы арада бір жанама сұрақ қоюға рұқсат етіңіз, Бауке», «Әскерде, соғыста қандай кітаптар оқыдыңыз? Қандай жағдайда, қалай оқыдыңыз?», «Сіз он алты жасыңыздан бастап өлең жазыпсыз ғой.

Алғашында ақын болам деп талап қылған жоқсыз ба?», «Соғыста күнделік жазып жүрдіңіз бе? Оны қалай жаздыңыз?», «Сіз шығармаларды қай тілде жаздыңыз?», «Қазір не жазып жатырсыз?», «Кітаптарыңыз неше рет басылып шықты? Қандай тілдерге аударылды?», «Жазушылыққа шындап қашан бет бұрдыңыз?», «Сіз өзіңіздің мақал, мәтелдеріңізді қалай шығардыңыз?», «Бақаның бағынан, сұңқардың соры артық» деген мақалыңыз қалай туып еді?», «Қазақ әдебиетінің әскери тақырыпқа жазылған туындылары туралы пікіріңіз қалай?» т.т. осындай Баукеңнің шығармашылығына қатысты қарапайым да қысқа сұрақтарды қоя отырып, әдебиет жайлы маңызды әңгімелерге тартып отырады. Бір сұхбаттасуда автор тарапынан айтылатын ақпараттармен толықтырылып отырса, кейбір тұста кейіпкерінің психологиялық көңіл-күйін, динамикалық портреттерін суреттеу тәсілдеріне ұласып жатады. Сұхбат арасында Момышұлының солдат анасын ардақтауы, татар ақыны Мұса Жалилдің жары Әмина ханумға құрмет көрсетуі баян етілетін ел аузындағы екі әңгімені автордың еске түсіруінен білеміз. Бірінші әңгімеден – қалалық кеңес берген бес бөлмелі пәтерден бас тартып, кезегі келсе де ала алмай жүрген Солдаттың қарт анасына бергізген азаматтығынан хабардар боламыз. Ал екінші аңыз-әңгімеде – 1957 жылы Москвада татар әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өтіп жатқан зал президиумы үстелінің басынан Әмина ханумды көре алмай тұрғандығын дүйім жұрттың алдында ескертіп, Кеңес Одағының Батыры, татар халқының ұлы ақыны Мұса Жалилдің жары – Әмина ханумды жиналыс залының президиумына құрметпен орналастырғандығы баяндалады. Баукеңнің азаматтық, ірілік қасиеттері жайында аңыздай боп айтылып жүрген осындай өмірлік деректердің қисынды кірістіріп баяндауы автор пайымдауларына ұласып жататыны да жиі кездесіп жатады. Авторлық концепция, көзқарас көрініс алған сезімге толы баяндаулардың орын алуы кейіпкерді тағы бір қырынан танытып, автор екеуін де тұлғаландыра түседі.

Сұхбаттасу барысында автор – кейіпкер – оқырман арасындағы коммуникативті, аффективті қарым-қатынастар күшее түседі. Қоғамдық орта мен адами қасиет, ұлттық дәстүр мен тәрбие, ән мен күй, ана тілі мен әдебиет сияқты мәселелер төңірегінде сұрақтарды өрбіте отырып, Баукеңе ішкі жан дүниесінің сырларын ашып, ой-пікірлерін сеніммен айтуға мүмкіндік береді. Әркез сұхбаттасушының жеке пікірін сыйлап, құрметпен қарап, кейіпкерімен тең дәрежедегі қарым-қатынасты орната алған автор да

оқырман санасында коммуникативті мәдениетті меңгерген тұлға ретінде қабылданады. «Ақиқат пен аңыз» романын жазу барысында Ә. Нұршайықовтың көп ізденгендігін, әр детальға мән беріп жауапкершілікпен қарағандығын байқаймыз. Жазушы ізденістері жайында филология ғылымдарының докторы Мырзабек Дүйсен былай дейді: «Ақиқат пен аңыз» соншалықты қиын, ауыр жазылғанын білемін. Жазушы бес жыл уақытын сарп етті. Әрине Әзілханның Бауыржанмен кездесіп, сөйлесуінің өзі оңайға түсе бермегені белгілі. Оның үстіне, жазушы кейіпкердің ауызша айтып берген әңгімесімен шектеліп қана қалмайтыны да түсінікті. Жазушы столының үстінде Ұлы Отан соғысына байланысты көптеген кітаптар үйіліп жататын. Бауыржан айтқан жайларды растайтын, соны толықтыратын қосымша деректер іздеп сарылды. Бұл ретте ол жазушы ғана емес, тарихшы-ғалымға айналып кетті. Роман оқиғаларының дәлдігіне мін тағу мүмкін еместігі де сондықтан болса керек» (Нұршайықов, 1980: 42).

Бауыржан Момышұлы – батырлығымен, отаншылдығымен, асқан әскери шеберлігімен, ұлтжандылығымен ғана халық жүрегінің төрінен орын алған дара тұлға емес, өмір сынақтарынан түйген ойларын қағазға түсіріп өнегелі дүниеге айналдырған шығармашылық тұлға. Романда Баукеңнің жазушылық қырларын да ұдайы ескеріп әңгіме ауанын сол жаққа бұрып отырады. Автор суыртпақтап отырып Баукеңе шетелден келген француздың жазушы әйелін қабылдағаны жайын әңгімелетеді. Жолсапармен келген жазушының ағасы француз армиясының подполковнигі екен. Баукеңе беріп жіберген сәлем хатында Совет Армиясы полковнигін өзіне ұстаз көретіндігін айтыпты. Француздың жазушы әйеліне қазақ әдебиеті әріден келе жатқан өрелі әдебиет екендігін, батырлар жырлары көркемдік, шешендік жағынан әлем эпосынан кем еместігін айтады. Баукеңнің кабинетіндегі сөрелерде тұрған Золя, Флобер, Бомарше, Анатоль Франс, Роман Ролан, Луи Арагон, Антуан де Сент-Энзюперилердің кітаптарын көрген француз жазушысының таңқалысында шек болмайды. Момышұлынан «Москва үшін шайқас» кітабын сыйлыққа алып кетеді. Осы әңгімеден Баукеңнің қазақ әдебиетімен қоса, әлем классикасын да меңгерген интелектуалдың иесі екендігін мойындаймыз.

Автордың Бауыржан Момышұлынан жазушылық жолға қалай түскендігі, не әсер еткендігі жайлы сұрағанда, «...менің жазушы болуыма игі ықпал етіп, әсерін тигізген төрт фактор осы. Олар: қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті, өмір, әскери

академия» (Нұршайықов, 1992: 331) деп жауап береді. Сонымен қатар жазушылыққа бет бұруы өзі көрген асыл азаматтар өнегесін, өмірден алған мол тәжірибесін өсіп келе жатқан ұрпаққа қалдыруы адамгершілік парызы екендігін сезінуден туғандығын да айтады. Романда кейіпкердің әскери адам бола тұра үлкен дайындықпен, тәуекелге бел буып жазушылыққа келгендігі баян етіледі. Осы орайда американдық жазушы М. Рихтельдің «Егер сіз тәуекел жасай алмасаңыз онда сіз шығармашылық тұлға бола алмайсыз. Ол үшін ешкімнен және ештеңеден тартынбау керек» (Richtel, 2020: 62), – деген сөзі еске түседі.

Әзілхан Нұршайықов Баукеңді батыр ғана емес, сезімтал өнер адамы ретінде де бейнелей алған. Шығармашылық іс-әрекет сезіммен, көркем қиял мен көркем ойлаумен сабақтасып жататыны аян. «Романда сезімталдық, тез қабылдағыштық, образды ойлау мен рухани тебіреніс Баукең бойынан әркез көрініс алып отырады. Оған болып жатқан көріністерді қиял елегінен өткізу, тосын теңеу табу тән. Ол өмірден көрген-сезгендерін басқалардан өзгеше қабылдайды. Оның көзі – айналасын қаламгерлік көзбен ұғынған ой көзі. Авторға айтқан жауаптары образды сөзге, теңеуге, метафораға толы» (Қалқабаева, 2019: 149). Сұхбаттасу барысында Бауыржан өзі куә болған оқиғаларды тебіреніспен, оқырман жүрегін толқыта алатындай экспрессивті-эмоционалды реңк дарыта баян етеді. Мұндай тұстарда көңіл толқытар нәзік те, астарлы сөз иірімдерін қолданады. Онысы даналық түйінді ойларға ұштасып жатады. Мысалы, «Атағыңа ақылың сай келсе ғана сыйлы боласың», «Әркім өз жеткен жеріне дейін барады, жығылған жерінде қалады», «Жауын-жаздың сілекейі», «Жауыннан қорыққан жауға жем болады» сияқты көптеген сөз оралымдары Баукеңнің образды ойлауға ұшқырлығын байқатып, жазушылық қабілетінен хабардар етеді.

Роман-диалогта Бауыржан Момышұлының әдеби ортасынан да мәлімет беріледі. Соғыс уақытында демалыс алған кездері Алматыға келіп қаламгерлердің қасиетті үйі Жазушылар Одағына келіп, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезовтардай әдебиет алыптарымен кездесіп, олармен сыр шертісіп, ұлт мүддесі үшін әңгімелесуінің өзі батырдың қазақ халқының болашағына, салт-дәстүріне, әдебиетіне, тіліне бейжай қарамайтыны, оны жіті толғандыратынын айшықтап тұрғандай.

Романда Сәбит Мұқанов, Қасым Аманжолов, Ғали Орманов, Сырбай Мәуленов, Кәкімбек Салықов, Әбділда Тәжібаев, қырғыз ақыны Сүйінбай Эралиев, Есет Әукебаевтардың Бауке-

ңе арнап жазған өлеңдерін беруі маңызды қызмет атқарған. Олардың поэтикалық қуатқа толы өлеңдері батырдың тұлғалық болмысы мен дара мінезін жарқырата айшықтап, Халық қаһарманына деген елдің махаббаты пен құрметін сезіндіре түседі.

Бір дауыл сапырды кеп өрт теңізін,  
Теңселтіп темір топан дүние жүзін.  
Бетіне туған жердің өшпестей ғып  
Ер жазды өз қанымен жүрген ізін  
...Нақ сол кез естідім мен ер дүбірін.  
Атағы атын алып келді бұрын.  
Үстінде туған елдің тұрды толқып:  
Бауыржан Момышұлы деген бір үн.  
... Кейде ол көк семсерлі генералдай,  
Кейде ол күй көңілді ақын жандай.  
Өмірдің ол шеті мен бұл шетіне  
Өресі өрен ойдың тартылғандай...

Қасым Аманжоловқа тиесілі «Бауыржан» атты өлең жолдарындағы батыр ерлігінің қайталанбас құбылыс ретінде суреттелуі Бауыржан тұлғасын асқақтата көрсетіп тұрғаны айқын. Танымал ақындардың поэзиясын автордың тиімді пайдалана алғанын құптаймыз.

Көпшілік оқырман ыстық ықыласпен қабылдаған Әзілхан Нұршайықовтың «Тоғыз толғау» повесть-монологы да – әдебиет қайраткерлердің өз аузынан айтылып, қағаз бетіне түсірілген ой-толғамдары іспетті шығарма. Кейіпкерлері шығармашылық тұлғалар болып келетін бұл повесте де деректілік сипат пен ақиқат жайларды тілге тиек ету, хат, құжаттарды пайдалану, нарраторлық функцияны кейіпкердің атқаруы сияқты жазушы қаламына тән стильді байқаймыз. Повестің басты кейіпкері – ауыз әдебиетінің білгірі, академик-ғалым, Кеңес Одағының Батыры, халқымыздың асыл перзенті Мәлік Ғабдуллин. М. Ғабдуллиннің Б. Майлин, М. Әуезов, Ж. Жабаев, С. Мұқановтермен кездесулері, жазысқан хаттары, пікір алмасулары деректі материалдарға толы. Қаһарманның толғанысы, сезінуі, ой тұжырымдары арқылы баяндалып жататын толғаулар жеке новеллалар үлгісінде беріліп отырады. «Ұмытылмас бейне» толғауы ұлы тұлғалар өмірінің бөлшектері, жарқын күндерінің ұшқындары іспетті әсер қалдырады. «Тағдыр таразысы» толғауында кезінде өзіне әділетсіздік, қатыгездік көрсеткен Сембинге кек қайтармай, керісінше жақсылық жасаған Мәліктің азаматтығын баяндата келе, «таспен ұрғанды аспен ұр деген» адами ұстанымын алға тартады. Осылай М. Ғабдуллиннің күнделікті өмірдегі қарапайым

болмысы мен батыл істер мен шешімдерге бара білетін дара келбетін айқындап береді. М. Ғабдуллиннің әдебиетіміздің тарландары М. Әуезов, Ж. Жабаев, С. Мұқанов, Б. Майлиндер туралы естеліктерінде олардың әдеби портреттері көркем сипатталып, қызықты деректер беріледі.

Әзілхан Нұршайықовтың «Тоғыз толғауы» өз тарапынан баяндалатын естелік-әңгімелермен жалғасып жатады. Автордың естелік-әңгімелері ретінде берілетін алтыншы, жетінші, сегізінші толғаулардың да атқарар салмағы көп. Оларда автор Мәлікпен кездескен сәттерін, соғыс жылдарындағы әскери өмірінен мәліметтер бере отырып, өз образы мен авторлық концепциясын байқатып отырады. Авторлық баяндауларды сыналап енгізіп отыруы сюжеттік қабаттарға мағыналық реңк, эмоциялық әсер дарытады. Жетінші толғауында Сәбитпен ең алғаш кездесуі әдебиет майданына әлі ене қоймаған жас батыр Әзілхан үшін үлкен қуаныш, әрі үлкен мақтаныш бола білді. Соғыстан демалыс алып, Алматыдағы қонақ үйдің бірінде тұрақтаған Әзілхан Нұршайықовты және бірнеше майдандастарын іздеп келген Сәбит Мұқановтың ағалық бауырмалдылығын, жайсаң жүзді қамқорлығын мына сөздерінен байқауға болады. «Бұл менің майдандағы бәріңді де: тіріңді де, өлінді де қысқан құшағым», «Кәрі әке-шешелеріңнің мұқтаждары болса, маған айтып, әдірістеріңді жазып беріңдер. Мен колхоз председателдеріне хат жазып, көмек көрсеттейін» (Нұршайықов, 2005: 127) – деп айтқан Мұқановтың сөздері майдангерді құрметтеген кішіпейілдігін, кішіге қамқорлығын аямаған кең пейілділігін байқатады. Әзілхан толғауында Сәбит Мұқановтың оның жүрегі мейірім мен адалдыққа толы болған жан екенін бірнеше эпизодтардан суреттейді. Автор толғауда соғысқа аттанғанда М. Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабы мен С. Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесін ала кеткенін, оларды солдаттардың сүйіп оқығанын айтады. Бұл шығармалардың Отаннан шалғай жерде қан майданда, өмір мен өлімнің арасында жүрген, жүрегі қазақ деп соққан әрбір азаматқа жалынды жігер, өмір сүруге деген күш бергенін Сәбеңе айтқанда, қуаныштан көзі жасаурап, өз туындысының майдан шебінде солдаттардың қолынан түспей оқылуы оны шексіз бақытқа бөледі. Ә. Нұршайықовтың С. Мұқанов турасындағы естелігі екі бөлімнен тұрады. «Танысу» деген бөлімде қаламгердің С. Мұқановпен Ұлы Отан соғысы кезінде елге делегат ретінде келген кезде танысып-біліскендігі туралы айтылса, «Танысқаннан кейін» деп аталатын екінші бөлімде жазушы мен Ә. Нұршайықовтың

соғыс жылдарынан кейінгі өмір көрінісі суреттеледі.

Автор жазушының тек рухани құндылықтарын сараптамай, оның шығармашылық ізденіс биігіне жетудегі әдеби-шығармашылық өсу жолын да саралап жазған. Жазушының өзіндік күн тәртібін қатаң сақтап, белгілі бір қалыппен жүретінін де жазған: «Таңертеңгі сағат сегізде Сәбит үйінің алдына шығып, тізеден келер көгөрай шалғынды кешіп, арлы-берлі жүреді. Бір кезде білегіндегі сағатына қарайды да, еңістегі демалыс үйіне қарай аяндайды. Сол кезде демалыс үйінің алдындағы асфальт алаңға қара «ЗИМ» келіп тоқтайды. Бұл – Сәбиттің машинасы. Одан орта жастан асқан қараторы әйел келіп түседі. Бұл – Сәбиттің машинисткасы. ...Біраздан соң Сәбиттің верандасынан пытырлата от атқан пулемет дыбысындай болып, жазу машинкасының үні естіле бастайды. Сағат сегіз жарымда Сәбит жұмысын бастайды. ...Енді, міне, Сәбит күндік қызметін аяқтағаннан кейін машинистканы қалаға жеткізіп салу үшін мүлгіп, соны күтіп отыр» (Нұршайықов, 2005: 362). Сәбит Мұқановпен араласқан, жүздескен кездеріндегі барлық жайттарды жіпке тізген маржандай етіп қағазға түсіреді. Тек әншейін болған жайттар емес, ең елеулі тұстарын, жазушының басқа жазушылардан бөлініп тұрарлықтай айырмашылығын, ерекшелігін, мінез-болмысын әсірелей сипаттайды. С. Мұқановтың қарапайымдылығын, бауырмалдығын, адамды өзіне тартып тұратын қасиетін, адамды мамандық тұрғысына, қызмет дәрежесіне, үлкен-кішілігіне, ұлттық тегіне қарамай сыйласа, сырласа білетін кішіпейілдігін де дәлелді мысалдармен сипаттайды. Көптеген қаламгерлердің жазушылық қырын шыңдап, шығармашылыққа бет бұрудағы рухани ықпалы болғандығы да назардан тыс қалмайды.

Әзілхан Нұршайықов өз естеліктерінде Сәбит Мұқанов пен Мұхтар Әуезовты шығармашылық жолында ұлы ұстаз санайды. Оны әдебиетке баулып, оның ыстығы мен суығына төздіре білуге үйретеді. Олардың парасатты ақылы мен кеменгерлік бітімі Әзағаның тұлға болып қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді. Жазушы повесть-толғауында «Абай жолы» мен «Балуан Шолақ» сияқты кесек туындыларды өмірге әкелген қаламгердің адами қырларын жан-жақты аша білді. Даңқты қаламгерлердің өмірі мен өнегесін көрсету арқылы замана шындықтарын, кезең көріністерін байыпты баяндайды. Өмір өрнектері мен шындықтарын замандас бейнесі арқылы көркемдік биікке көтереді.

«Тоғыз толғау» повесть-монологында бой көрсеткен М. Әуезов, С. Мұқанов образдары



Әзілхан Нұршайықовтың «Екі естелік» естелік-эссесінде одан әрі тұлғалана түседі. Бұл естелікте елге танымал шығармашылық тұлғалармен қандай жағдайда жүздескенін әсерлі баяндайды. Қазақтың біртуар жазушылары М. Әуезов пен С. Мұқановтардың халыққа белгісіз жаңа қасиеттері мен адами болмыс-бітімдерін аша түседі. Ізгі қасиеттерін нақты, дәлелді сюжеттермен астастыра баяндай отырып, қаламгерлердің әдеби портретін жасайды. Бұл еңбекте танымал қаламгерлер – Мұхтар Әуезов және Сәбит Мұқанов жөнінде тағлымды әңгімелер толғайды. Мұхтар Әуезовтің 1958 жылы Павлодарға оқырман-дандарымен жүздесуге келген сапарында 5 күн бойы Баянауыл ауданын аралатқанын еске алады. Ұлы тұлғалармен болған жүздесуден алған әсерін баяндайтын бұл эсседе автор тек өз эмоциясын ғана емес, жиналған көпшілік қауымның құрметін де көтеріңкі пафоспен жеткізеді. Жазушыны күтіп алуға аэропортқа қарай қаланың еңбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейінгі адамдардың бәрі ағыла асыққанын эпитет, метафоралық қолданыстар арқылы келісті суреттеп, әсерлі детальдармен жеткізеді. Қонақты көруге асығып бара жатқан қала тұрғындарының қарбалас кейпін көрсету арқылы-ақ Әуезовке деген халықтың қошамет-құрметін, сүйіспеншілігін байқатады. «Жазғы театрда» болған жиынға халықтың толассыз келуі, залдың лық толуы, жұмыскер қазақ әйелінің отырмастан ұзақ шапалақ ұрып жазушыға ерекше құрмет көрсетуі сияқты эпизодтарды көркем тілмен әсерлеп баяндауы естелік-эссенің пафосын көтеріп тұр.

Ә. Нұршайықов Әуезов жайлы естеліктерінде азаматтық тұлғасы жайлы да ой қозғайды. Керекуден қайтқанда ұлы жазушыға үйінен дәм ауыз тигізіп, қолынан автограф алғанын, соғыс аяқталғаннан кейін Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түскенде Мұхтар Әуезовтен дәріс тыңдап, 1960 жылы Алматыға келгенінде Мұхтан үйіне шақырып қонақ еткенін жазады. Әр кездескен сайын үйіне қонаққа шақырып, жатсынбай, жатырқамай адамды өзіне баурап алатын қасиеті авторды ерекше таңырқатады. Оның жас баладай сенгіштіктігін, парасаттылығын, қолы ашық жомарттығын да айтып кетеді. «Жазушының парасаты, білгірлігі, адамды үлкен-кішіге бөлмей қадірлеп құрметтеуі, сыпайылығы, әр сөзімен жаныңа қанат бітіретін қасиеті – бәрі-бәрі маған алуан түрлі асыл жыр оқығандай әсер етті» (Нұршайықов, 2005: 29) – деген сипаттамалар бұған дәлел. Сонымен қатар мынадай ұқсатулар: «Мұхтан жүйріктей жүйткіп, жорғадай тайпалып шыға келеді», «Қазақша сөйлесе – тұлпар, орыс-

ша сөйлесе – сұңқар», «Бір сәт дауылпаздай боп биікке самғап, біресе қырандай жүйткіп төмен қарай зымырайды», «Шешен сөзімен құлақтың құрышын қандырады» Мұхтан асқақтата түседі. «Уақытты бос өткізуден сақтан», «Карта, арақ сияқты құмарлықтан аулақ бол, уақытты өлтіретін осы екеуі» деген ақыл-насихаттары өмірлік ұстанымдарды нұсқаса, ал «Романға үлкен даярлықпен келу абзал», «Роман жазбай ұзақ өрісті, үлкен жазушы боламын деп әсте есептеме», «Роман биігіне шықпай, жазушы өзгені де көре алмайды, өзін де көрсете алмайды» деген сөздері жас жазушы Әзілхан Нұршайықовты жазушылыққа жігерлендірді, үлкен шығармашылық мектептей болды. «Екі естелік» естелік-эссесіндегі Мұхтан Әуезовтің әдеби портретінен қайталанбас рухани қазынаға бай қазақтың біртуар азаматын, дара шығармашылық тұлғаны көреміз.

### Қорытынды

Шығармашылық тұлғалар бейнесін асқақтата көркемдік биікке көтеріп сомдаған Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбатын, «Тоғыз толғау» повесть-монологын, «Екі естелік» эссесін деректі көркем проза жанрда жазылған тағылымды дүниелер деуге болады. Қаламгер қаламынан естелік, эссе, күнделік, сұхбат, толғау т.б. түрінде туындаған бұл әдеби шығармалар кезінде қазақ прозасында соны ізденістер мен жаңа жанрлық формаларды қалыптастырды. Әсіресе нарраторлық тәсілдерді түрлендіріп қолдануы қаламгердің жанрлық-стильдік даралығын айқындай түсті.

Сондай-ақ көргені мен көкейге түйгені көп Ә. Нұршайықовтың өз образын шығармаларында көрсете алуы үлкен қызмет атқарып тұр. Біріншіден, өзінің жазушылық позициясын танытса; екіншіден, күллі шығармаларындағы идеялық-тақырыптық бірлікті айқындауға жол ашады; үшіншіден, шығармадағы барша элементтерді байланыстыратын ұйымдастырушы мәнге ие; төртіншіден, қаламгердің стильдік-жанрлық өзгешелігінің қалыптасуына ықпал еткен. Шын мәнінде жазушы шығармаларының өн бойындағы авторлық идея мен көркемдік ізденістер автор бейнесі арқылы нақтыланып отырады.

Қорыта айтсақ, Әзілхан Нұршайықов өз шығармаларында көптеген шығармашылық тұлғаларды басты объекті етіп алып, оларды әр қырынан оқырманға танытып, әрбірінің құнды қасиеттерін әдемі өрнектеуі авторлық концепция жетістігі дер едік.

### Әдебиеттер

- Kaufman S.B., Gregoire C. *Wired to Create: Unraveling the Mysteries of the Creative Mind*. – Pennsylvania: TarcherPerigee books, 2016. – 288 p.
- Нұршайықов Ә. Таңдамалы. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1992. – Т. 2. – 448 б.
- Нұршайықов Ә. Екі естелік. – Алматы: Жалын, 1985. – 176 б.
- Қалқабаяева С. Әзілхан Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 234 б.
- Қалқабаяева С. Көркем шығарма поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 234 б.
- Тұрысбек Р. Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылық мұрасы. – Алматы, 2005. – 274 б.
- Токтағазин М. Деректілік пен көркемдік. – Алматы: Арна, 2012. – 192 б.
- Әйгілі Әзаға. Естеліктер мен эсселер. – Астана: Фолиант, 2012. – 552 б.
- Қалиева А. Көркем әдебиет: шығармашылық тұлға және психологизм. – Алматы: ЖК Сейітжанова Ж.Д., 2012. – 200 б.
- Rothenberg A. *The emerging goddess: The creative process in art, science, and other fields*. 1st edition. – University of Chicago Press: 1979. – 440 p.
- Hartmann K., Nielsen D. *Inspired: How Creative People Think, Work and Find Inspiration*. – BIS Publishers, 2011. – 256 p.
- Allport G.W. *Becoming: Basic Considerations for a Psychology of Personality*. – New Haven: Yale University Press, 1960. – 115 p.
- Husserl E. *Ideas: General Introduction to Pure Phenomenology*. – Connecticut: Martino Fine Books, 2017. – 466 p.
- Hartmann N. *Ontology: Laying the Foundations*. – Berlin: De Gruyter, 2019. – 378 c.
- Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. – 218 б.
- Нұршайықов Ә. Таңдамалы. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1980. – Т. 1. – Роман мен повесть. – 520 б.
- Richtel M. *Elegant Defense, An: The Extraordinary New Science of the Immune System: A Tale in Four Lives* Paperback. – Mariner Books, 2020. – 448 p.
- Нұршайықов Ә. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – Т.3. – 400 б.

### References

- Allport G.W. (1960) *Becoming: Basic Considerations for a Psychology of Personality*. New Haven: Yale University Press. 115 p.
- Aygili Azaga (2012) *Estelikter men esseler*. [Famous Azaga. Memoirs and essays]. Astana. 552 p. (in Kazakh)
- Hartmann K., Nielsen D. (2011) *Inspired: How Creative People Think, Work and Find Inspiration*. BIS Publishers. 256 p.
- Hartmann N. (2019) *Ontology: Laying the Foundations*. Berlin: De Gruyter. 378 p.
- Husserl E. (2017) *General Introduction to Pure Phenomenology*. Martino Fine Books. 466 p.
- Kaliyeva A. (2012) *Korkem adebiet: shygarmashylyq tulga jane psihologizm*. [Fiction: creative person and psychology]. Almaty: Seyitzhanova Zh.D.. 200 p. (in Kazakh)
- Kalkabaeva S.A. (2004) *Azil Khan Nurshaiqov prozasyndagy adamgershilik izdenister*. [Moral Quests in the Prose of Azil Khan Nurshaiqov]. Almaty: Kazygurt. 234 p. (in Kazakh)
- Kalkabaeva S.A. (2019) *Korkem shygarma poetikasy*. [The Poetics of a Work of Art]. Almaty. 234 p. (in Kazakh)
- Kaufman S.B., Gregoire C. (2016) *Wired to Create: Unraveling the Mysteries of the Creative Mind*. Pennsylvania: TarcherPerigee books. 288 p.
- Kirabayev S. (1998) *Kenes dauirindegi qazaq adebieti*. [Kazakh Literature in the Soviet Era]. Almaty: Bilim. 218 p. (in Kazakh)
- Nurshaiqov A. (1980) *Tandamaly. Eki tomdyq*. [Selective. Two volumes]. Almaty: Zhazushy. vol.1. 520 p.
- Nurshaiqov A. (1985) *Eki estelik*. [Two memories]. Almaty: Zhalyyn. 176 p. (in Kazakh)
- Nurshaiqov A. (2005) *Tandamaly shygarmalarynyn on tomdygy*. [Ten volumes of selected publications]. Almaty: Kazygurt. 400 p. (in Kazakh)
- Nurshaiqov A. (1920) *Tandamaly. Eki tomdyq*. [Selective. Two volumes]. Almaty: Zhazushy. vol.2. 448 p.
- Richtel M. *Elegant Defense, An: The Extraordinary New Science of the Immune System: A Tale in Four Lives* Paperback. Mariner Books. 2020. 448 p.
- Rothenberg A. (1979) *The emerging goddess: The creative process in art, science, and other fields*. University of Chicago Press. 1st edition. 440 p.
- Toktagazin M. (2012) *Derektilik pen korkemdik*. [Documentary and artistic]. Almaty: Arna. 192 p. (in Kazakh)
- Turyzbek R. (2005) *Azil Khan Nurshakovtyn shygarmashylyq murasy*. [Creative heritage of Azil Khan Nurshaiykov]. Almaty. 274 p. (in Kazakh)